

Бекітілді

№10 «Құлыншак» бөбекжай-бақшасы
директоры м.у.а С.М.Нсанбаева
№1 педагогикалық кеңес шешімі
31.08.2023ж



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 – 2024 оқу жылы мектепалды «Өркен»тобына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы- №10 «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасы

топ - мектепалды

балалардың жасы – 5-жас

Жоспардың құрылу кезеңі– қыркүйек 2023 жыл

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру (3 сағат)	Негізгі қимылдар. Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, тізені жоғары көтеріп жүгіру; Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен қағып алу; Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, қатармен қайта тұру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Жалпы дамытушы жаттығу Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Кеудеге арналған жаттығулар: Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар: 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтерді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5-6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу. (3 метр) Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып тұру (2-3 рет): қолды тізеге қойып отырып тұру: аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.

		Спорттық жаттығулар. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорттық ойындар. Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру.
	Көркем әдебиет.	Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.
	Сауат ашу негіздері.	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.
	Қазақ тілі.	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. (Қазақ халқының тұрмыстық заттары).
		Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).

		Сөздік қор. Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп),
		Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы)ажырату.
		Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Математика негіздері	Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні)құру. Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6 санының пайда болуымен ,0 ден 6 дейінгі цифрмен таныстыру. Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу. Геометриялық фигуралар. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Сурет салу	Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу.Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру(бояғышты акварельді сумен араластыру,қажетті түсті алу),қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, түсті қанық беру үшін қағадың фонын таңдау жәнебояуларды үйлестіру,өз жұмысының нәтижелерін бағалау.
	Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу. (шымшу,созу,алақанның ортасына салып домалату арқылы мүсіндеу әдістерін қолдану)
	Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер,шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.

	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.
	Музыка	Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету. Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу. Еңбекке баулу Өртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Жол қозғалысы ережелері Жол қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі) Өсімдіктер әлемі Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы №10 «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасы

топ - мектепалды

балалардың жасы – 5-жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі – қазан 2023 жыл

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру аптасына 3 рет	Негізгі қимылдар. Жүру: сапта бір-бірден екеуден, үшеуден жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; Тепе-теңдікті сақтау: скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру. Жүгіру:шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу: допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); Секіру: қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) секіру. Лақтыру, қағып алу, домалату: 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар. Арқаға арналған жаттығулар. Аяққа арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту		Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.
	Сөйлеуді дамыту.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айтуға үйрету. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару.
	Көркем әдебиет.	Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.
	Сауат ашу негіздері.	Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.
	Қазақ тілі.	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. (Қазақ халқының киім-кешегі). Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Сөздік қор. Егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру. Азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздермен толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша (хабарлы) сөйлемдерді ажыратып сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу.

		Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету.
	Математика негіздері	Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құруға үйрету. Сан және санау. Көрнекілік арқылы 7 санының пайда болуымен, 0 ден 7 дейінгі цифрмен таныстыру Шама. заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Геометриялық фигуралар. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажырата білуге жаттықтыру. Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа ұғымдарын бекіту. Уақытты бағдарлау. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Сурет салу	Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.
	Мүсіндеу	Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.
	Жапсыру	Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.
	Құрастыру	Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімі (тақия) құрастыру, ою-өрнектермен безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.
	Музыка	Музыка тыңдау. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Ән айту. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Билер.

		би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Би шығармашылығы. мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Еңбекке баулу. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсінуге үйрету. Мемлекеттік мереке (Республика күні) маңыздылығын түсіндіру. Жол қоғалысы ережелері Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жануарлар әлемі Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар әлемі мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы- №10 «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасы

топ - мектепалды

балалардың жасы – 5-жас

Жоспардың құрылу кезеңі– қараша 2023 жыл

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру аптасына 3 рет	Негізгі қимылдар. белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүруге үйрету. Тепе-теңдікті сақтау: әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүруге үйрету. Жүгіру: кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіруге үйрету. Еңбектеу, өрмелеу: гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеуге үйрету. Секіру: оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр) секіруге үйрету. Лақтыру, қағып алу, домалату: допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыруға үйрету. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту		Арқаға арналған жаттығулар. Аяққа арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту. Спорттық жаттығулар. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. Спорттық ойындар. Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру. Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.
	Сөйлеуді дамыту.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білуге үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айтуға үйрету. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруға үйрету.
	Көркем әдебиет.	Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға үйрету.
	Сауат ашу негіздері.	Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсінуге үйрету.
	Қазақ тілі.	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, мал өсіруде қажетті құрал-жабдықтардың атауын атай білуге үйрету.

		Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың (басы, ортасы, соңы) орнын анықтауға үйрету.
		Сөздік қор. Мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға) сөздермен толықтыру.
		Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (сұраулы) сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.
		Байланыстырып сөйлеу. тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге үйрету.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Математика негіздері	Жиын. жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіруге үйрету. Сан және санау. Көрнекілік арқылы 8 санының пайда болуымен 0 ден 8 дейінгі цифрмен таныстыру. Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Геометриялық фигуралар. денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа ұғымдарын бекіту. Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтауға үйрету.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Сурет салу	Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.

	Мүсіндеу	Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.
	Жапсыру	Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыруға үйрету.
	Құрастыру	Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.
	Музыка	Музыка тыңдау. Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру. Ән айту. ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Билер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, әнкүйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін ұғындыру. Би шығармашылығы. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауға үйрету.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. Еңбекке баулу. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға үйрету. Жануарлар әлемі Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы- №10 «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасы

топ - мектепалды

балалардың жасы – 5-жас

Жоспардың құрылу кезеңі– желтоқсан 2023 жыл

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру аптасына 3 рет	Негізгі қимылдар. Жүру: ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүруге үйрету. Тепе-теңдікті сақтау: гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу. Жүгіру: жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіруге үйрету. Еңбектеу, өрмелеу: бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өтуге үйрету. Секіру: бір орында тұрып (6-8 метр) биіктікке секіруге үйрету. Лақтыру, қағып алу, домалату: допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізуге үйрету. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізуге жаттықтыру. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар.3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне

Коммуникативтік дағдыларды дамыту		қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын (5-6 рет) көтеруге жаттықтыру. Арқаға арналған жаттығулар. отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып (3 метр) аракашықтықта еңбектеуге жаттықтыру. Аяққа арналған жаттығулар. аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыта білуге жаттықтыру. Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауға үйрету. Спорттық ойындар. Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізуге үйрету. Қимылды ойындар. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.
	Сөйлеуді дамыту.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-к, ж-ш, з-с, н-ң дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасауға үйрету. Сөздік қор. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыруға үйрету. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыруға үйрету.
	Көркем әдебиет.	Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындауға үйрету.
	Сауат ашу негіздері.	Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыруға үйрету.
	Қазақ тілі.	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қысқы әсем табиғатынан әсер алуға баулу.(сипаттау).

		Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың (басы, ортасы, соңы) орнын анықтауға жаттықтыру.
		Сөздік қор. аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы) сөздермен толықтыру.
		Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.
		Байланыстырып сөйлеу. кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Математика негіздері	Жиын. бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнатуға үйрету. Сан және санау. Көрнекілік арқылы 9 санының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. Шама. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдануға үйрету. Геометриялық фигуралар. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтауға үйрету.
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Сурет салу	Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдануға үйрету. Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).
	Мүсіндеу	Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдана білуге үйрету.
	Жапсыру	Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау,

		онда міндеттерді келісіп атқарып жұмыс жасауға үйрету.
	Құрастыру	Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету.
	Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық шығармалардың жанрларын (ән, күй, марш, би) ажыратуға үйрету. Ән айту. орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айтуға дағдыландыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білуге жаттықтыру. Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білуге, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындауға, қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгертуге баулу. Би шығармашылығы. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындау дағдыларын бекіту.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Мемлекеттік мерекелердің (Жаңа жыл, ұлттық мереке (Тәуелсіздік күні) маңыздылығын түсінуге, оларға белсенді қатысуға қызығушылығын тудыру. Табиғатпен таныстыру. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білуге үйрету. Жануарлар әлемі. Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы- №10 «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасы

топ - мектепалды

балалардың жасы – 5-жас

Жоспардың құрылу кезеңі– қаңтар 2024 жыл

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру аптасына 3 рет	Негізгі қимылдар. Жүру: заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүруге үйрету. Тепе-теңдікті сақтау: гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу. Жүгіру: белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіруге үйрету. Еңбектеу, өрмелеу: гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу. Секіру: бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға (арақашықтықтығы 40 сантиметр), секіруге жаттықтыру. Лақтыру, қағып алу, домалату: допты лақтыру және алға қарай жылжып, (арақашықтығы 4–5 метр) екі қолымен қағып алуға үйрету. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созуға, қолды жоғары көтеру және екі жаққа созуға, қолды желкеге қоюға жаттықтыру. Саусақтарды айкастырып, алға-жоғары көтеруге (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұруға, Қолды кезек жоғары-артқа көтеруге жаттықтыру. Кеудеге арналған жаттығулар. Қолдарын айкастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созуға жаттықтыру. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар.

		3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстап жүріп жаттығу жасауға баулу. Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар. бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет) жаттығу жасауға баулу. Арқаға арналған жаттығулар. (5–6 рет) отырып алға, артқа еңкею стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындауға, қолдың көмегімен (3 метр) қашықтықта етпетінен жатып еңбектеуге баулу. Аяққа арналған жаттығулар. аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, (2-3 рет) жартылай отырып-тұру, қолды тізеге қойып отырып-тұру аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту дағдыларын жетілдіру. Спорттық жаттығулар. Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанауға үйрету. Спорттық ойындар. Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізуге жаттықтыру. Қимылды ойындар. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға одан әрі жетілдіру.
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Артикуляциялық жаттығулар жасау. Сөздік қор. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу. сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдануға үйрету. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдануға үйрету.
	Көркем әдебиет.	Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аударуға үйрету. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.

	Сауат ашу негіздері.	Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау берілген сөзге сөйлем құрастыру дағдыларын жетілдіру, қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.
	Қазақ тілі.	Тілдік дамытушы орта. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.
		Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың (басы, ортасы, соңы) орнын анықтауға жаттықтыру.
		Сөздік қор. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.
		Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша лепті сөйлемдерді ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.
		Байланыстырып сөйлеу. шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.
	Математика негіздері	Жиын. жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыруға үйрету. Сан және санау. Көрнекілік арқылы 10 санының пайда болуымен 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру.. Шама. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі,) материалы, қолданылуы, шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру дағдыларын жетілдіру. Геометриялық фигуралар. қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауға үйрету. Кеңістікті бағдарлау. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. Уақытты бағдарлау. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Сурет салу	Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту.
	Мүсіндеу	Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу.
	Жапсыру	Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыруға үйрету.
	Құрастыру	Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.
	Музыка	Музыка тыңдау. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Билер. би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру. Би шығармашылығы. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. Жануарлар әлемі. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи – климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы- №10 «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасы

топ - мектепалды

балалардың жасы – 5-жас

Жоспардың құрылу кезеңі– ақпан 2024 жыл

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру аптасына 3 рет	Негізгі қимылдар. Жүру: заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүруге үйрету. Тепе-теңдікті сақтау: гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу. Жүгіру: белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіруге үйрету. Еңбектеу, өрмелеу: гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу. Секіру: алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру. Лақтыру, қағып алу, домалату: допты лақтыру және алға қарай жылжып, (арақашықтығы 4–5 метр) екі қолымен қағып алуға үйрету. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созуға, қолды жоғары көтеру және екі жаққа созуға, қолды желкеге қоюға жаттықтыру. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеруге (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұруға, Қолды кезек жоғары-артқа көтеруге жаттықтыру. Кеудеге арналған жаттығулар. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту		Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар. бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет) жаттығу жасауға баулу. Арқаға арналған жаттығулар. (5–6 рет) отырып алға, артқа еңкею стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындауға, қолдың көмегімен (3 метр)қашықтықта етпетінен жатып еңбектеуге баулу. Аяққа арналған жаттығулар. аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, (2-3 рет) жартылай отырып-тұру, қолды тізеге қойып отырып-тұру аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту дағдыларын жетілдіру. Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау. Спорттық ойындар. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу. Қимылды ойындар. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға одан әрі жетілдіру.
	Сөйлеуді дамыту.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Сөздік қор. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару дағдыларын жетілдіру.
	Көркем әдебиет.	Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.
	Сауат ашу негіздері.	Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу дағдыларына баулу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.
	Қазақ тілі.	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамытуды жалғастыру.

		Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ұ, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айту дағдыларын жетілдіру.
		Сөздік қор. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу жұмыстарын жалғастыру.
		Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіруді жалғастыру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.
		Байланыстырып сөйлеу. ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
	Математика негіздері	Жиын. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Сан және санау. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажыратуға, оларға дұрыс жауап беруге үйрету. Шама. Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алуға үйрету. Геометриялық фигуралар. Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамытуға үйрету. Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. Уақытты бағдарлау. Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.
Балалардың шығармашылық	Сурет салу	Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.
	Мүсіндеу	Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру.
	Жапсыру	Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі

		мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
	Құрастыру	Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.
	Музыка	Музыка тыңдау. Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторы: Құрманғазының шығармаларымен таныстыру. Ән айту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйретуді жалғастыру. Билер. би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіруді жалғастыру. Би шығармашылығы. Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту. Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. Жануарлар әлемі. Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы – №10 «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасы

топ - мектепалды

балалардың жасы – 5-жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі – наурыз 2024 жыл

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру аптасына 3 рет	Негізгі қимылдар. Жүру: заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүруге, қосалқы қадаммен алға қарай жүруге үйретуді жалғастыру. Тепе-теңдікті сақтау: гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу дағдыларын жетілдіру. Жүгіру: белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіруге үйретуді жалғастыру. Еңбектеу, өрмелеу: гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеуге жаттықтыру. Секіру: алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіруге, биіктіктен секіруге, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіруге үйретуді жалғастыру. Лақтыру, қағып алу, домалату: допты лақтыру және алға қарай жылжып, (арақашықтығы 4–5 метр) екі қолымен қағып алу қасиеттерін жетілдіру. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұруға, орнында айналуға, оңға, солға бұрылуға, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру дағдыларын бекіту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созуға, қолды жоғары көтеру және екі жаққа созуға, қолды желкеге қоюға жаттықтыру. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеруге (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұруға, Қолды кезек жоғары-артқа көтеруге жаттықтыру.

		Кеудеге арналған жаттығулар. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею. Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар. бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет) жаттығу жасауға баулу. Арқаға арналған жаттығулар. (5–6 рет) отырып алға, артқа еңкею стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындауға, қолдың көмегімен (3 метр)қашықтықта етпетінен жатып еңбектеуге баулу. Аяққа арналған жаттығулар. аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, (2-3 рет) жартылай отырып-тұру, қолды тізеге қойып отырып-тұру аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту дағдыларын жетілдіру. Спорттық жаттығулар. Велосипед, самокат тебуге үйрету. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебуге үйрету. Оңға және солға бұрылуға үйрету. Спорттық ойындар. Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебуге үйрету. Қимылды ойындар. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға одан әрі жетілдіру.
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу дағдыларын жетілдіру. Сөздік қор. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу дағдыларын жетілдіру. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру машықтарын жетілдіру.

	Көркем әдебиет	Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.
	Сауат ашу негіздері.	Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.
	Қазақ тілі.	Тілдік дамытушы орта. туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру. Сөздік қор. Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.
	Математика негіздері	Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құрылатындығы туралы түсініктерін одан әрі дамыту. Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығаруға үйрету. Шама. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білу дағдыларын одан әрі жетілдіру. Геометриялық фигуралар. қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыруға үйрету. Кеңістікті бағдарлау. Сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа ұғымдары арқылы кеңістік туралы түсініктерді бекіту. Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») реттілігі туралы білімдерін бекіту.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Сурет салу	Түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парактың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салуға үйрету.
	Мүсіндеу	Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарынбезендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.
	Жапсыру	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.
	Құрастыру	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу жәнеқалдық заттардан құрастыруға баулу.
	Музыка	Музыка тыңдау. Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Дина Нұрпейісованың шығармаларымен таныстыру. Ән айту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындау дағдыларын жетілдіру. Музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білуге жаттықтыру. Билер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыруды жалғастыра отырып, балаларға «Қаражорға» биін билету. Би шығармашылығы. Балалардың музыкалық аспаптарында (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерін шыңдау.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу. Еңбекке баулу. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Ұлттық мереке - Наурыз мейрамының маңыздылығын түсіндіру, мерекеге қатысуға деген белсенділігін арттыру. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту. Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.
-----------------------------------	----------------------------	--

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы- №10 «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасы

топ - мектепалды

балалардың жасы – 5-жас

Жоспардың құрылу кезеңі – сәуір 2024 жыл

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру аптасына 3 рет	Негізгі қимылдар. Жүру: заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүруге, қосалқы қадаммен алға қарай жүруге үйретуді жалғастыру. Тепе-теңдікті сақтау: гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу дағдыларын жетілдіру. Жүгіру: белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіруге үйретуді жалғастыру. Еңбектеу, өрмелеу: гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеуге жаттықтыру. Секіру: алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіруге, биіктіктен секіруге, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіруге үйретуді жалғастыру. Лақтыру, қағып алу, домалату: допты лақтыру және алға қарай жылжып, (арақашықтығы 4–5 метр) екі қолымен қағып алу қасиеттерін жетілдіру. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұруға, орнында айналуға, оңға, солға бұрылуға, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру дағдыларын бекіту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруге жаттықтыру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созуға, қолды жоғары көтеру және екі жаққа созуға, қолды желкеге қоюға жаттықтыру. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеруге (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұруға, Қолды

		кезек жоғары-артқа көтеруге жаттықтыру. Кеудеге арналған жаттығулар. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею. Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар. бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет) жаттығу жасауға баулу. Арқаға арналған жаттығулар. (5–6 рет) отырып алға, артқа еңкею стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындауға, қолдың көмегімен (3 метр)қашықтықта етпетінен жатып еңбектеуге баулу. Аяққа арналған жаттығулар. аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, (2-3 рет) жартылай отырып-тұру, қолды тізеге қойып отырып-тұру аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту дағдыларын жетілдіру. Спорттық жаттығулар. Велосипед, самокат тебуге үйрету. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебуге үйрету. Оңға және солға бұрылуға үйрету. Спорттық ойындар. Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебуге үйрету. Қимылды ойындар. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға одан әрі жетілдіру.
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйретуді жалғастыру. Сөздік қор. Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білуге, монологты байланыстырып құра білуді, әңгімені бірізді айтуға, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыруға үйретуді жалғастыру.. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру:сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану дағдыларын арттыру.
	Көркем әдебиет.	Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру қасиеттерін қалыптастыру.

	Сауат ашу негіздері.	Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу машықтарын жетілдіру.
	Қазақ тілі.	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамытуда балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру бағытында егіншілікке қажетті құрал жабдықтары туралы сөздермен толықтыру.
		Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, және осы дыбыстардан тұратын сөздер арқылы сөйлем құрастыру дағдыларын жетілдіру.
		Сөздік қор. егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыра отырып өз ойларын жеткізуге баулу.
		Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату дағдыларын нақтылай отырып, сөйлегенде қолдана білуін бақылау. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндігін байқау.
		Байланыстырып сөйлеу. Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беру, шығарманы рөлдерге бөліп сомдау, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізу барысында баланың өзіндікшығармашылығын көрсетуге мүмкіндік беру.
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Математика негіздері	Жиын. жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретіні туралы түсініктерін нақтылау. Сан және санау. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. Шама. Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдану дағдыларын, заттарды салыстыруда, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алуда білімдерін көрсете білуге баулу Геометриялық фигуралар. 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыруға үйрету. Кеңістікті бағдарлау. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру мүмкіндіктерін жетілдіру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. Уақытты бағдарлау. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Сурет салу	Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.
	Мүсіндеу	зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.
	Жапсыру	Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіре отырып, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру икемділіктерін арттыру.
	Құрастыру	Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыру дағдыларын жетілдіру.
	Музыка	Музыка тыңдау. Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдылары бойынша дарындылықтарын арттыру. Әннің сөзін анық айтуға, музыка сипатын қабылдай білуге дағдыландыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасау қимылдарын одан әрі жетілдіру. Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу дағдыларын, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерте білу қабілеттерін арттыру . Би шығармашылығы. балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялдауын, қоршаған әлемді бейнелі қабылдауын қалыптастыру, өзінің түсініктерін, ойларын, сезімдерін көркем түрде жеткізе білуге үйрету.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Еңбекке баулу. Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білу мақсатында, қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеуге үйрету. Жол қозғалысы ережелері. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтай отырып, «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы», «Тройллебус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы» белгілерімен таныстыруды жалғастыру. Табиғатпен таныстыру Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Өсімдіктер әлемі. Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.
---	--	--

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы- №10 «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасы

топ - мектепалды

балалардың жасы – 5-жас

Жоспардың құрылу кезеңі – мамыр 2024 жыл

Дағдылар	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Физикалық қасиеттерді дамыту	Дене шынықтыру аптасына 3 рет	Негізгі қимылдар. Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүруді, белгі бойынша заттардан бір қырымен аттап жүруді; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертуді, заттардың арасымен, жіптерден аттап жүруді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды. Тепе-теңдікті сақтау: гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу дағдыларын бекіту. Жүгіру: әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіруді; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа жүгіруді бекіту. Еңбектеу, өрмелеу: заттардың арасымен төрттағандап еңбектеуді, әртүрлі тәсілдермен заттардан еңбектеп, бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып, өрмелеу дағдыларын бекіту. Секіру: заттардың арасымен секіреді, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан, тұрған орнында айналып секіру дағдыларын бекіту. Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір қолымен қағып алу, допты еденге бір қолмен ұрып, екі қолмен қағып алу машықтарын бекіту. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: қатарға бір-бірден тұруын, бір орында бұрылуын, үш қатарға сап түзеп қайта тұра алуын бекіту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. музыкамен сүйемелденетін қимылды ойындарда музыкаға сәйкес әртүрлі қарқында қимылдар жасайды; Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созуға, қолды жоғары көтеру және екі жаққа созуға, қолды желкеге қоюға жаттықтығу түрлерін және саусақтарды айкастырып, алға-жоғары көтеруге (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұруға, қолды кезек жоғары-артқа көтеруге арналған жаттықтыру түрлерін қайталатып бекіту. Кеудеге арналған жаттығулар.

		Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкеюді және. гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұғу және тік көтеру жаттығуларын қайталау. Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар. гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, (5-6 рет) аяқтарын көтеру жаттығуларын қайталату. Арқаға арналған жаттығулар. (5–6 рет) отырып алға, артқа еңкею стретчинг элементтері бар жаттығуларды қайталату. Аяққа арналған жаттығулар. Жыл бойына үйренген аяққа арналған жаттығулар түрлерін орындау. Спорттық жаттығулар. екі дөңгелекті велосипед, самокат тебеді; спорттық жаттығуларда белсенділігін танытады. Спорттық ойындар. ойындарда физикалық қасиеттерін: жылдамдығын, күшін, шыдамдылығын, икемділігін, ептілігін және жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға белсенділігін көрсетеді. Қимылды ойындар. қимылды ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды, ұлттық қимылды ойындар, қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруда белсенділік танытады;
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Сөйлеуді дамыту.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айта алады. Сөздік қор. сөйлегенде зат есімдерді, сын есімдерді, үстеулерді, көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолданады; зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып айтады; Тілдің грамматикалық құрылымы. хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді қолданады. Байланыстырып сөйлеу. құрдастарымен өз бетінше қарым-қатынас жасай алады, әртүрлі ойындарды бірге, келісіп ойнайды; әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қояды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап береді; негізгі ойды дұрыс тұжырымдайды, өз пікірін айтады; әңгімелерді бірізді айтып береді; Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығарады; бақылаулар мен сюжеттік суреттер бойынша әңгімелер құрастырады;
	Көркем әдебиет.	шығармалардың мазмұнын эмоциямен қабылдайды; себеп-салдарлық байланыстарды, әдеби жанрларды ажыратады; өлеңдерді мәнерлеп, интонациямен оқиды; мазмұнның бірізділігін сақтай отырып, шығарма мазмұнын қайталап айтады; кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді; көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналауға қатысады;

	Сауат ашу негіздері.	сөздің мағынасын түсінеді; сөздерге дыбыстық талдау жасайды: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды; сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды; берілген буынға сөз құрастырады; үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды; сөйлем сөздерден тұратынын біледі; берілген сөздерден жай сөйлемдер құрастырады; қаламды дұрыс ұстай алады; жазу парағында бағдарлай біледі, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратады; дыбыстардың белгілерін (дауысты/дауыссыз) ажыратады.
	Қазақ тілі.	Тілдік дамытушы орта. қоршаған ортаға өзінің қарым қатынасын білдіреді;
		Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолданады; қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстарының дыбыстық мәдениетін меңгереді.
		Сөздік қор. сөздерді дұрыс айтады; Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолданады және түсінеді, оларды сөйлегенде белсенді қолданады.
		Тілдің грамматикалық құрылымы сөздегі дыбыстардың орнын ажыратады; Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана біледі.
		Байланыстырып сөйлеу. өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге тырысады, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдайды; әңгімелесушіге сұрақтарды дұрыс қояды, оған қысқа және толық нақты жауап береді; таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтады; тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен, жүйелі түрде жеткізеді; кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен береді; шығарманы рөлдерге бөліп сомдайды, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізеді; тыңдалған шығарманы еркін талқылауға қатысады; бір-бірімен еркін диалог құрады; өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастырады; ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттайды;

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Математика негіздері	Жиын. жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құрады; жиындарды бөліктерге бөледі және оларды қайта біріктіреді; Сан және санау. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру Шама. әртүрлі белгілері бойынша заттарды салыстыра алады (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы); заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтайды; заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастырады; заттарды салыстыруда беттестіру, қасына қою және жұппен салыстыру тәсілдерін қолданады; Геометриялық фигуралар. геометриялық пішіндерді (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажыратады және атайды; қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтайды; Кеңістікті бағдарлау. қағаз бетінде бағдарлай біледі, заттарды кеңістікте орналастырады, қозғалыс бағыттарын біледі; пазлдарды жинайды, логикалық ойын тапсырмаларын орындайды; түрлі сызықтарды салады. Уақытты бағдарлау. апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атайды;
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Сурет салу	Заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсінеді; тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы жеткізеді; түстерді өз қалауы бойынша тандайды; бояуларды қолдануды, бояғышта акварельді сумен араластыруды, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояуды біледі; өз жұмысының нәтижелерін бағалай алады; сурет салуда әртүрлі техниканы қолданады;
	Мүсіндеу	сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеу ерекшеліктерін біледі; шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндейді; қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндейді; мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолданады;
	Жапсыру	қайшымен түрлі геометриялық пішіндерді қияды; таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қияды; қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киіз үйдің жабдықтарын таниды, оларды қиып жапсырады, ою-өрнектермен безендіреді; жұмыс тәсілдерін тандайды және түсіндіреді; бірнеше бөліктерден бейнелерді құрастырады; сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады; жұмысты жеке және топпен бірлесіп жасайды, топтық жұмыста міндеттерді келісіп атқарады; сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын береді; шаблондар мен трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істейді;

	Құрастыру	ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастырады; құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастырады; өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табады, оларды құрастыруда қолданады; бейнені кескіні бойынша қияды; қалдық және табиғи материалдан құрастырады;
	Музыка	Музыка тыңдау. музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады; музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты, мазмұны туралы айтады; қарапайым музыкалық жанрларды ажыратады (күй, ән, би, марш); Ән айту. әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындайды; әннің басында, музыкалық фразалардың арасында тыныс алуды біледі, бірінші октаваның «ре» екінші октаваның «до» диапазонында жеңіл дауыспен ән айтады; әннің сөзін анық айтады, музыка сипатын қабылдайды және жеткізеді; шығарманың жеке фрагменттерін (кіріспе, қайырмасы, соңы) ажырата алады; қазақ халқының күйші, композиторларын біледі; таныс әндерді өз бетінше музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды; Музыкалық-ырғақтық қимылдар. марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын – жеңіл және орташа (жоғары-төмен) ырғақпен береді; заттармен қимылдар жасайды, сюжетті ойындарды сахналайды; музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды; Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын біледі; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындайды; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерте алады. Би шығармашылығы. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгерген. музыкалық аспаптарда қарапайым әуендерді ойнайды;

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	Қоршаған ортамен таныстыру	Еңбекке баулу. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні, Жеңіс күні мерекелерінің маңыздылығын түсіну, оған белсенді қатысу. Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу. Табиғатпен таныстыру Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну. Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу). Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).
--	--	--